

Риддер қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 13/7-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 4 сәуірде № 8989-16 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы № 32/4-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 28.11.2025 № 32/4-VIII шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі ресми жариялануға тиіс).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабы 5-тармағына сәйкес Риддер қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Риддер қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Риддер қалалық мәслихатының төрағасы

Е. Нужных